



DEPARTMENT OF  
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Журналистика және саясаттану факультеті  
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University  
Faculty of Journalism and Political Science  
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
Факультет журналистики и политологии  
Кафедра политологии

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ПРОГРЕСКЕ 30  
ЖЫЛ»**

XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференция материалдары  
9 сәуір 2021 ж.

---

**«INDEPENDENT KAZAKHSTAN: 30 YEARS OF STABILITY AND  
PROGRESS»**

Proceedings of the XI-International Scientific and Practical Conference  
on April 9, 2021

---

**«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: 30 ЛЕТ СТАБИЛЬНОСТИ И  
ПРОГРЕССА»**

Материалы XI-Международной  
научно-практической конференции  
9 апреля 2021 г.

**Нұр-Сұлтан, 2021**

УДК 327(063)  
ББК 66.4 (0)  
С 69

**Редакционная коллегия:**

К.полит. наук, ассоциированный проф. **М.К. Дюсембекова**, Казахстан  
Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан  
Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия  
Кандидат политических наук, доцент **М.К. Тулебаева**, Казахстан  
Магистр социальных наук, преподаватель **Н.Болатулы**, Казахстан

**«Независимый Казахстан: 30 лет стабильности и прогресса».**

Сборник материалов XI-Международной научно-практической конференции. (9 апреля 2021 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

**ISBN 978-601-337-516-8**

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

*Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.*

**ISBN 978-601-337-516-8**

**© Кафедра политологии  
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021.**

Жумабеков А. К.,  
Куптлеуова Ж.Ж., Муратова Л.М.  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.,  
[statya.politics@mail.ru](mailto:statya.politics@mail.ru)

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕ: НАЗАРБАЕВ МОДЕЛІ

**Abstract:** The article highlights the importance of the role of the first president of the Republic of Kazakhstan – Elbasy Nursultan Abishevich Nazarbayev in solving world and international security issues, peacekeeping activities in interstate conflicts.

**Key words:** global security, international security, interstate conflicts, global initiatives, conciliation policy, political realism.

### *I. Саяси реализм халықаралық қауіпсіздіктің теориялық негізі ретінде*

Саяси реализм бағыты халықаралық қауіпсіздік мәселелерін зерттеуге елеулі үлес қосқан ықпалды және әзірленген теориялық бағыттардың бірі болып қала береді. Бұл теориялар Фукидидтің, Н. Макиавеллидің, Т. Гоббсстың, Ф. Ратцельдің, Х. Маккиндер, Н. Спайкменнің геосаяси теорияларына негізделген реализм, ақырында Г.Моргентау мен оның ізбасарларының еңбектерінде қалыптасты. Саяси реализм аясында мемлекеттің эгоистік сипаты, зорлық-зомбылық пен әскери-саяси қарама-қайшылықтар мен мемлекеттер арасындағы қақтығыстардың жоғары мүмкіндігі, оларды шешудегі шешуші рөлі қабылданды. Реализм теориясы халықаралық қатынастардағы іргелі артықшылық ретінде, ұлттық мүдделер — саясаткерлердің жетекші принциптері ретінде, күштер балансы — осы мүдделерді соғыс жүргізбестен жүзеге асырудың құралы ретінде, ал мемлекеттер — халықаралық қатынастардағы жалғыз маңызды акторлар ретінде қарастырылады. [1, 25 б.]

Қауіпсіздік дилеммасын ең алғаш Т.Гоббс тұжырымдады. Бір мемлекеттің (әсіресе әскери) қауіпсіздігінің өсуі барлық басқа мемлекеттердің қауіпсіздігіне қауіп төндіреді, өйткені олардың арасында қалыптасқан күштер теңгерімін бұзады. [2, 86 б.]

Төменде көрсетілген суреттен көрініп тұрғандай, халықаралық қауіпсіздік "пирамиданың шыңы" болып табылады және оны қамтамасыз етуге, сайып келгенде, бастапқы кезеңдерде жүргізілетін барлық іс-шаралар бағытталған.

### *II. Халықаралық қауіпсіздіктің реттелуіндегі Н.Ә.Назарбаевтың жаһандық бастамалары*

Елбасы өзін тек бір ғана елдің болашағы мен мақсатын ойлатын тар шеңбердегі саясаткер емес, геосаяси жағдайға байланысты орналасқан көршілес елдердің және олардың халықтарының, бүкіл адамзаттың қауіпсіздігі мен тыныштығын, даму болашағын ойлайтын және оған жетудің тиімді жолдарын ұсына алатын қайраткер екенін байқатты.

Егемендік тарихының алғашқы күндерінен бастап Қазақстан өзінің сыртқы саясатының бейбітшілік бағытын жариялады. Алғашқы қадамнан бастап ол Кеңес Одағынан мұраға қалған ядролық әлеуетті өз еркімен тастап, оны іс жүзінде нақты көрсетті. Ядролық қарусыздану мәселелерінен бастап аймақтық қауіпсіздік мәселелеріне дейінгі басқа да маңызды бастамалар қабылданды. Тәуелсіздік алған барлық кезең ішінде біздің Елбасымыз бітімгершілік бастамаларын, оның ішінде ядролық қарусыздану және оны таратпау саласындағы бастамаларын алға тартты.

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

Олардың әрқайсысы әлемнің тағдыры үшін сөзсіз маңызды болғандықтан, олардың кейбіреуін төменгі кестеден еске түсірген жөн.

**1-кесте.**

<b>№</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Қамтылуы</b>	<b>Мазмұны</b>
1.	1992 ж. 5 қазан	Азия елдері	БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында Азия мемлекеттері аумағындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ұйым-Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) құру туралы ұсыныс білдірді.
2.	1996 ж.	Қазақстан	Ядролық сынақтар өткізуді тыйым салу туралы жалпы Келісімге қол қойылды. Қазақстан бұл істі кідіртпестен ратификациялады және шартты ратификацияламаған немесе қол қоймаған мемлекеттерді мүмкіндігінше тезірек орындауға шақырды.
3.	2006 ж.	Орта Азия елдері	Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ (NWFZA) құру туралы келісімге қол қойылды.
4.	2010 ж.	Солтүстік Америка, Еуропа және Орта Азия елдері (57 мемлекет)	Елбасының бастамасымен Қазақстан Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етіп, Астанада <b>саммит</b> өткізді.
5.	2012 ж. 29 тамыз	Бүкіл әлем	Нұрсұлтан Назарбаев Астанада өткен «Ядролық сынақтарға тыйым салудан - ядролық қарудан азат әлемге» халықаралық парламенттік конференциясында « <b>АТОМ</b> » жобасын іске қосты.
6.	2015 ж. желтоқсан	Біріккен Ұлттар ұйымы	Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеясы « <b>Ядролық қарусыз әлем құру туралы</b> » жалпы декларацияның бастамашысы және бірлескен авторы болды. Елбасының бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясы 29 тамызды Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні деп жариялау туралы резолюцияны бірауыздан қабылдады.
7.	2016 ж. 31 наурыз	Бүкіл әлем	Вашингтонда өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі 4-ші саммит аясында Нұрсұлтан Назарбаев « <b>Әлем. XXI ғасыр</b> » деп аталатын Манифестін конференцияда әлемдік қауымдастыққа ядролық қарусыз әлем құру үшін келісілген іс-қимыл жасауға шақыратын соғыс және қақтығыс вирусына қарсы стратегияны ұсынды.
8.	2016 ж. 28 маусым	Біріккен Ұлттар ұйымы	Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі болып сайланды. Осылайша, біз жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жауапты миссия жүктелген әлемнің беделді 15 елінің пулына кірдік. Осы жылдың басынан

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

			бастап Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы болды.
9.	2017 ж. 23-24 қаңтар	Сирия, Ресей, Иран, Түркия, АҚШ, Біріккен Ұлттар ұйымы	Сирияны апат алдына әкелген азамат соғысын тоқтату үшін Елбасы Н.Ә.Назарбаев қарсыласушы тараптар мен осы істі бейбіт жолмен реттеуге мүдделі болған шет мемлекеттер өкілдері үшін Астана қаласын диалогтар жүргізу алаңы ретінде ұсынып, дағдарыстың бейбіт жолмен реттелуіне ықпалын тигізді. Бұл оқиға тарихта <b>«Астана процесі»</b> деген атауға ие болды.
10.	2014 ж.	Ресей, Украина	Елбасының бастамасымен Украинадағы азаматтық шиеленістің шешімі табылып, мәселенің ортақ шешімге келуіне жаңа серпін берілді.[3, 185 б.]

Міне, 29 жыл бойы Елбасының жоғарыда көрсетілген жаһандық бастамаларының арқасында Қазақстан қандай да бір зорлық-зомбылықты қолдануды болдырмайтын, туындаған халықаралық қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге өзінің бейімділігін әлемге көрсетіп келеді.

Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Бейбітшілік кіндігі» атты кітабында былай деп жазады: «...Бізде ядролық қарусыз әлем құрудың өзіндік тәсілі бар: бейбіт болашаққа қадамдар және өзара сенім тұжырымдамасы. Қазақстан - ЯҚТШ шеңберіндегі, халықаралық ядролық қатынастар жүйесіндегі және халықаралық қауіпсіздік режиміндегі бірегей, сонымен бірге ядролық қаруға ие болуға құқығы бар және сол уақытта оларды иеленуге құқығы жоқ мемлекет болып табылады. Бұл біздің дәуірдің парадоксы және бейбітшілік пен зорлық-зомбылыққа қарсы саналы таңдау" [4, 79 б.]»

*III. Елбасының жаһандық бастамаларының жастар арасында насихатталуы*

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының жастары Тұңғыш Президенттің еңбек жолымен, әсіресе әлемдік қауіпсіздік мәселелеріндегі іс-әрекеттерімен жеткілікті деңгейде ақпараттандырылмаған. Ал, бұл өз кезегінде көңіл аударылу тиіс мәселе болып табылады. Себебі, жастар елдің келешегі бола отырып, Қазақстанның саяси имиджін нақты Назарбаев моделі арқылы толықтай сипаттай алуы тиіс. Біз Елбасының жаһандық бастамалары жайында ақпаратты Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің студенттерінен сауалнама арқылы сұрастырдық. Нәтижесі:



Жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде, қатысқандардың жалпы саны - 200 студент. Қойылған сұрақ бойынша, 17 студент – «жақсы білемін»; 59 студент – «естігенім бар»; 124 студент «мүлде естімегенмін», - деп жауап берді. Сауалнамаға сүйенеге келе, жастардың жеткілікті деңгейде ақпараттандырылмағандығы айқын көрінеді. Жастар – болашақтың мәңгілік қозғаушы күші. Сондықтан, жастардың тарихи сауатты болуы, олардың мүмкіндіктер мен құндылықтарға ұмтылысы, мемлекеттің халықаралық, саяси және қоғамдық, әлеуметтік, мәдени өмірге қатысуымен Қазақстанның болашағы тығыз байланысты. Елдің келешегін құру жолында халықаралық қатынастар, әлемдік қауіпсіздік, мемлекетарлық бітімгерлік саясатының маңызы зор. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың дүниежүзілік қауіпсіздік пен бітімгерлік аренасындағы феноменалды іс-әрекеттері мен жаһандық бастамаларын білу – әрбір азамат үшін шарт.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Мақаланы қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жаһандық қауіпсіздікті нығайту мен мемлекетарлық шиеленістерді шешудегі тарихи бастамалары мен әділ шешімдерін қазақстандық жастар арасында насихатталу қажеттілігінің жоғары деңгейі анықталды. Елбасының аталмыш әрекеттері теориялық негізде “Саяси реализмге” негізделгені дәлелденіп, бітімгерлік қызмет хроникасы жүйелендірілген түрде көрсетілді.

Жастар – қоғамның ең белсенді әлеуметтік тобы болғандықтан, олардың адами капиталдары мен жеке ресурстарын мемлекеттің игілігіне бағыттау қажеттілігін ескерсек, оның ең алғашқы қадамы болып тарихи оқиғалар бойынша ақпараттандыру болып табылады. Осы орайда, қазақстандық мемлекетті қалыптастырушы, біртуар тарихи тұлға Н.Ә.Назарбаевтың дүниежүзілік деңгейде жүргізіліп жатқан бейбітшілік саясатын насихаттаудың жастар үшін қаншалықты өзекті екендігі дәлелденді.

Мақала барысында жүргізілген сауалнамалардың нәтижелерін сараптап, жоғарыда аталған мәселелердің түйіні ретінде келесі шараларды ұйымдастаруды ұсынамыз:

1. Елбасының жаһандық бастамаларын тереңдетіп түсіндіру мақсатында Қазақстан Республикасының орта білім беру мекемелерінің жоғарғы сыныптардың оқушылары үшін оқу жылының бағдарламасына “Бейбітшілік негіздері” (орыс тілінде “Основы мира”) атауымен қосымша пән енгізу;

2. Елбасы ұрпаққа мұра ретінде қалыптастырған бітімгерлік саясаттың нәтижелерін өз деңгейінде сақтап қалу және оны кейінгі ұрпаққа дейін жеткізу мақсатында

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

дүниежүзілік бейбітшілік пен келісімнің мәнін насихаттайтын жастарға арналған тәрбиелік іс-шаралар, форумдар, семинар-тренингтерді көптеп өткізу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Nelson D. N. Great powers and world peace // World security: Challenges for a new century. New York, 1994, p. 398.
2. Т. Гоббс. «Левиафан немесе шіркеулік және азаматтық мемлекеттің материясы, формасы, билігі», 1991. Т. 2. Б. 3-545.
3. Н. Онжанов. Бітімгер. Елші жазбалары – Астана: Фолиант, 2015. – 240 б.
4. Н. Назарбаев. «Бейбітшілік кіндігі». Алматы Атамұра, 2003. — 298 б.

**Исаева А.У.**

**Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева,  
г. Нур-Султан, Республика Казахстан  
[ainurissayeva79@mail.ru](mailto:ainurissayeva79@mail.ru)**

### **ВКЛАД КАЗАХСТАНА В МЕЖДУНАРОДНУЮ БЕЗОПАСНОСТЬ**

**Annotation:** The article is devoted to the global initiatives of Kazakhstan aimed at strengthening international and regional security. The author reveals the priorities of Kazakhstan's foreign policy, most clearly expressed during the country's membership in the UN Security Council, which contribute to ensuring international security.

**Keywords:** non-proliferation, foreign policy, UN, counterterrorism, foreign fighters, international cooperation, safety, peacekeeping,

За годы государственной независимости Казахстан укрепил позиции на международной арене и достиг значительных успехов в своем развитии.

С момента обретения независимости наша страна стала выступать с глобальными инициативами, направленными на укрепление международной и региональной безопасности.

В свою очередь, активная внешняя политика, участие в глобальных политических, экономических и социально-культурных процессах, происходящих в мире, создали гарантии безопасности Республики Казахстан.

За 30 лет своего развития Республика Казахстан, благодаря своей многовекторной, прагматичной и проактивной внешней политике, стала государством, вносящим весомый вклад в формирование и реализацию глобальной и региональной повестки дня в области безопасности, сотрудничества и развития.

Признанием важной роли Казахстана в международных отношениях и политике стало избрание и членство в главном коллективном органе международной безопасности - Совете Безопасности Организации Объединенных Наций в 2017–2018 годах.

Залогом эффективной работы в Совете Безопасности стала многовекторность, возросший авторитет нашей страны на международной арене и глобальные инициативы по укреплению международного мира и безопасности, обозначенные в Политическом обращении к Совету Безопасности ООН

от 1 января 2017 года под названием «Концептуальное видение Казахстана по упрочению глобального партнерства для построения безопасного, справедливого и процветающего мира».

Политическое обращение Первого Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева не только четко обозначил задачи и принципы, но и определил стратегическую